

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 237 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 94 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 13 сәуірде № 4479 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 21 қарашадағы 2022 жылғы № 222 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 21.11.2022 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 237 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3223 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Түпқараған ауданының ұйымдарында ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Д.Шалабаева) осы

қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған ауданының әкімі

А. Косуаков

Түпқараған ауданының әкімдігінің

2021 жылғы 12 сәуірдегі

№ 94 қаулысына қосымша

Түпқараған ауданы әкімдігінің

2016 жылғы "9" желтоқсандағы

№ 237 қаулысына қосымша

Түпқараған ауданының ұйымдарында ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды , қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Ақ жол құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	161	3	5
2	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Ақшұқыр мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	" 172	3	5
3	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейі" коммуналдық	" 208		6

	мемлекеттік мекемесі		3	
4	Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің "Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК